# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ

**Мектепалды** даярлық сынып

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта** 27-30 сәуір .1 мамыр 2025-2026 оқу жылы

**Адал азаат біртұтас тәрбие «Бірлік және ынтымақ » айы «Апта дәйексөздері»- «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ »**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.04 | Сейсенбі 28.04 | Сәрсенбі 29.04 | Бейсенбі 30.04 | Жұма 01.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Көңіл күйін анықтау**<br>Балалар «Көңіл күй смайликтерінен» өз көңіл күйіне сәйкес суретті таңдайды.Тәрбиеші баланың таңдауын қолдап:<br>– «Өте жақсы, бүгін сенің көңіл күйің керемет екен!»<br>– «Көңілің сәл мұңды ма? Біз бірге көңілді ойын ойнаймыз».<br>**Шығармашылыққа бағыттау**<br>Топта алдын ала дайындалған (құрастыру материалдары, түрлі-түсті қағаз, пазл, лего)балалар өз қалауы бойынша әрекетке кіріседі.<br>Тәрбиеші:– «Бүгін әр бала өз қиялымен бір жаңалық ойлап табады» деп ынталандырады.<br>**«Күй күмбірі»:«АҚСАҚ ҚҰЛАН »**<br>**Мақсаты:**балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру. шығармашылық дағдыларды қалыптастыруқабылдау барысында және үнемі күй қою. шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге. құрметтеуге, қызығушылғын арттыру( **Адал азамат)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер**<br>**Ата-аналарға кеңес**<br>Құрметті ата-аналар!<br>Қаңтар айындағы басты құндылығымыз – жасампаздық пен жаңашылдық.<br>Баланың бойындағы шығармашылық қабілет – оның болашақта ойлай алатын, шешім қабылдайтын тұлға болып қалыптасуына негіз болады.<br>Таңертең балабақшаға келерде балаңызға:«Бүгін қандай жаңа нәрсе үйренгің келеді?»«Қиялыңмен не жасап көргің келеді?»<br>деген сияқты **ашық сұрақтар қойып көріңіз.**Үйде балаңыздың:сурет салуына,құрастыруына,өз ойымен ойын ойнауына мүмкіндік беріңіз. Дайын үлгіні емес, өз қиялын қолданыз.<br>Есіңізде болсын,<br>**«Жасампаздық – ұлттың дамуына жол ашады».**<br>Ал сол жасампаз ұлттың бастауы – бүгінгі кішкентай бүлдіршіндер Балаңыздың әрбір жаңа ойына қуанып, қолдау білдірейік! | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту. тез қимылдау.<br>Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ- алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды | | | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Тақия тастамақ**<br>**Мақсаты:** Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа. ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 12** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | ***Қ.Р әнұранын айту***<br>**Артикуляциялық жаттығулар**<br>Баланың сөйлеу мүшелерін (ерін, тіл, жақ) жаттықтыру үшін.<br>**«Ат шаптырады»**<br>– Тілді тіс үстіне қойып, «тқ-тқ-тқ» дыбысын шығару.<br>**«Сағат»**<br>– Тілді оңға-солға кезекпен жылжыту: «тік-так».<br>**«Дәмді тосап»**<br>– Ерінді жалау (жоғары–төмен, оң–сол).<br>**«Күлімдеу – ренжу»**<br>– Ерінді кезекпен кең созып күлімдеу, кейін «түтіктеу». | **Сөйлем құрату жаттығулары**<br>«Бір сөзден – сөйлем»<br>Мысалы: *Қоян* → «Қоян орманда секіреді».<br>«Не істеді?»<br>Сурет бойынша: бала → жүгірді, секірді, ойнады.<br>«Сөйлемді толықтыр»<br>– «Аян доппен…» → ойнайды, тебеді, лақтырады. | **Дыбысты дұрыс айтуға арналған жаттығулар**<br>(мысалы: С, Ш, Р, Л, Ж дыбыстары)<br>«Сықырлаған есік» – С дыбысы<br>– Суретке қарап: «С-с-с» дыбысын созып айту.<br>«Шаңғы» – Ш дыбысы<br>– «Ш-ш-ш» дыбысын ұзақ айту.<br>«Арыстан» – Р дыбысы<br>– «Р-р-р» ырылдату жаттығуы.<br>«Ла-ла-ла» – Л дыбысы<br>– Буындарды ырғақпен айту. | **Буындау және сөз құрау**<br>**«Үзілген сөзді жалғастыр»**<br>Тәрбиеші буынды айтады, бала жалғастырады:<br>«ме…» → «ме-ке», «ме-ре», «ме-ші»<br>**«Буыннан сөз құрастыр»**<br>– «ба», «ла», «пан» → «балпан» емес, «бал-пан», «балапан».<br>**«Қай буын естідің?»**<br>Тәрбиеші сөз айтады, бала бастапқы немесе соңғы буынды анықтайды. | **Сөйлем құрату жаттығулары**<br>**«Бір сөзден – сөйлем»**<br>Мысалы: *Қоян* → «Қоян орманда секіреді».<br>**«Не істеді?»**<br>Сурет бойынша: бала → жүгірді, секірді, ойнады.<br>**«Сөйлемді толықтыр»**<br>– «Аян доппен…» → ойнайды, тебеді, лақтырады. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемдегі сөздердің реті<br>**Міндеті** - Сөйлемдегі сөздердің ретін дұрыс қойып, сөйлем құрауға үйрету.<br>Күтілетін нәтиже:<br>**Жасайды:** сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөздерден құралатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстықтарды ажыратады<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>– Сөйлем туралы не білесіңдер? | **Математика негіздері**<br>Геометриялық пішіндегі заттар<br>**Міндеті:** Пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету<br><br>Маңызды: ойын барысында әр фигураның ерекше қасиеттеріне назар аудару керек. «Фигуралар мен денелердің конструкторы» дидактикалық ойыны.<br>Ойынға әртүрлі фигуралар мен денелердің конструкторы қажет: дөңгелектер, сопақшалар. | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындарды қосып, сөз құра<br>**Міндеті:- -**Берілген суреттің бірінші буындарды қосып ауызша сөз құрау дағдыларын меңгерту .<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жасайды: жасырылған сөзді, сипаты арқылы табады, сөздің неше дыбыстан тұрғанын анықтайды, берілген буынның жалғасын табады.<br>**Түсінеді:** қарама-қарсы сөздерді түсінеді.<br>**Қолданады:** буынға бөлуде сызбаны қолданады, дыбыстарды ажыратады.<br><br>***Дидактикалық жаттығуы:***<br>***«Буынға буын қос»***<br>(педагог балаларға суреттер | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындарға буын қосу<br>**Міндеті:- -** Сурет атауларының бірінші буындарын қосып сөз құрай білулерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жасайды: жасырылған сөзді, сипаты арқылы табады, сөздің неше дыбыстан тұрғанын<br>анықтайды, берілген буынның жалғасын табады.<br>**Түсінеді:** қарама-қарсы сөздерді түсінеді.<br>**Қолданады:** буынға бөлуде сызбаны қолданады, дыбыстарды ажыратады.<br><br>Балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «ж» дыбысын естісе, жалаушаны көтереді. Мысалы: а, п, м, ж, т, н, у, м, | **Математика негіздері**<br>Геометриялық пішіндегі заттар<br>**Міндеті:** Пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету<br><br>Маңызды: ойын барысында әр фигураның ерекше қасиеттеріне назар аудару керек. «Фигуралар мен денелердің конструкторы» дидактикалық ойыны.<br>Ойынға әртүрлі фигуралар мен денелердің конструкторы қажет: дөңгелектер, сопақшалар. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талған ойды білдіреді.<br>– Сөйлем неден жасалады?<br>– Сөйлем сызбасы қалай сызылады?<br>– Буын неден жасалады?<br>– Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>– Дауыссыз дыбыстар ше?<br>***Дидактикалық ойын: « Көпше түрін айт»***<br>– Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзім-жүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі- түлкілер, жіп-жіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина- сақиналар, дыбыс-дыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б.*<br>***Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»***<br>Педагог дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді. Кім дұрыс көтереді жұлдызша беріліп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>Мысалы: а, р, о, н, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ... | үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, текшелер, шарлар мен цилиндрлер. – Барлық пішіндер мен денелерді үстелге қой. Тапсырма қандай да бір құрылымды салу, мысалы, үй. Бала пішіні мен өлшемін ескере отырып, үй салу үшін әртүрлі пішіндер мен денелерді пайдаланады. Бала құрылысты аяқтаған соң, ол өзінің құрылысын көрсетіп, оны жасау үшін қандай фигуралар мен денелерді қолданғанын түсіндіріп айтады. Балаға әртүрлі фигуралар мен денелерді қолдана отырып, өз дизайнын жасау ұсынылады. | көрсетеді)<br>Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал..ға, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.) | ж, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, ж, у, р, т, ж, л, у... Са, жа, ха, то, уыр, баж, пе, пу, до, жа, но, ау, аж, ан, ми, ду, ру, жи, ба, ле, са, жу, ша, ка, пу..... Ажар, ауна, үкі, жаңбыр, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, жапалақ, бау... «Тізбек» дидактикалық ойыны Педагог балаларға суреттер көрсетеді, бірінші сурет қандай дыбыспен аяқталып тұрғанын анықтап, сол дыбыстан басталатын суретті қойып, тізбекті балалар жалғастырады. Мысалы: Ара, алма, автобус, сабын «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: қам...шы, қама...жай, кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар, т.б. Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады | үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, текшелер, шарлар мен цилиндрлер. – Барлық пішіндер мен денелерді үстелге қой. Тапсырма қандай да бір құрылымды салу, мысалы, үй. Бала пішіні мен өлшемін ескере отырып, үй салу үшін әртүрлі пішіндер мен денелерді пайдаланады. Бала құрылысты аяқтаған соң, ол өзінің құрылысын көрсетіп, оны жасау үшін қандай фигуралар мен денелерді қолданғанын түсіндіріп айтады. Балаға әртүрлі фигуралар мен денелерді қолдана отырып, өз дизайнын жасау ұсынылады. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бар, ки, сық, га, ман, ай, ши, ма, па, га, қай, ти....<br>Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, қаймақ... | | | | |
| **«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу** | | | | | |
| "Энергияны үнемді тұтыну" ертегісі Ертеде Жасыл ел деген бір мемлекетте өмір сүретін тұрғындар энергияны көп ысырап ететін. Жасыл елдің табиғаты әдемі, ауасы таза, ал үйлері жылы болатын. Бірақ тұрғындар электр жарығын, суды және жанармайды өте көп тұтынатын, сондықтан табиғат зардап шегіп, ресурстар азая бастады. Бір күні бұл елге Болашақ атты жас жігіт келді. Ол табиғатты қорғауды және ресурстарды үнемдеуді үйретуді мақсат етті. Болашақ атты бала барлық тұрғындарды жинап, оларға былай деді: "Құрметті Жасыл елдің тұрғындары! Егер біз энергияны үнемдеп, табиғатты қорғауды үйренбесек, болашақ ұрпаққа таза және әдемі әлем қалдыра алмаймыз. Енді біз энергияны қалай үнемдеуге болатынын үйренейік." Тұрғындар Болашақ атты баланың сөздерін тыңдап, энергияны үнемдеудің түрлі жолдарын іздей бастады. Жасыл ел тұрғындары үйлеріндегі жарықты қажетсіз уақытта өшіруді, су жылытқыштарын тиімді пайдалануды және көліктердің жанармайын үнемдеуді үйренді. Олар сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздерін – күн панельдері мен жел генераторларын қолдануды бастады. Жақын арада Жасыл елде табиғат қалпына келіп, ресурстардың шығыны азайды. Тұрғындар энергияны үнемдеудің маңыздылығын түсініп, бұл әдетті күнделікті өмірде қолданды. Болашақ атты баланың арқасында Жасыл елдің табиғатты сақталынып, таза және әдемі әлемде өмір сүретін болды. Бұл ертегі балаларға энергияны үнемдеудің және табиғатты қорғаудың маңыздылығын үйретеді. | | | |  | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Тіл дамыту**<br>Наурыз – көктем мерекесі<br>**Міндеті**: - -Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабар[illegible]лы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларынан шығармашылық әңгіме құрайды :<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін.<br>**Қолданады:**көп сөздің | **Қазақ тілі**<br>Бағдаршам<br>**Міндеті** -Сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: Бағдаршам қызметі туралы өз ойларын айтты<br>**Түсінеді:** Жол ережелерін қайталап айтты;<br>**Қолданады:** Өзінің жұмысын бағалады. | **Математика негіздері**<br>Геометриялық пішіндегі заттар<br>**Міндеті -** Пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету<br><br>Маңызды: ойын барысында әр фигураның ерекше қасиеттеріне назар аудару керек. «Фигуралар мен денелердің конструкторы» дидактикалық ойыны. Ойынға әртүрлі фигуралар мен денелердің конструкторы қажет: дөңгелектер, сопақшалар, үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, текшелер, шарлар мен цилиндрлер. – Барлық пішіндер мен денелерді үстелге қой. Тапсырма қандай да | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ұлттық ойындар<br>**Міндеті: -** Балаларды қазақтың ұлттық ойындармен таныстыруды жалғастыру<br><br>Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның адам денсаулығын жақсарта түсуде пайдасы зор екені белгілі. Ұлттық ойындардың ерекшеліктері қандай? Ер Төстік (қуанып кетеді) Мен санамақ білемін! 75 Он қолымда бес саусақ, Барлығы болды он саусақ. Сол қолымда бес саусақ Барлығыда әп-әйбат, Екеуін қосып санап ем, Бейне бір он бауырсақ. – Жарайсың, Ер Төстік! Біздің балалар да біледі (балалар санамақ айтып жарысады). 2-слайд. Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп. Слайдтан асық, арқан, жылқы, тақия, теңге суреттері шығады. Балалар суреттердегі заттарға қарап, қандай ұлттық ойындарға қатысы барын табады. «Асық ату», «Арқан тартыс», «Бәйге» , «Тақия тастамақ», «Теңге алу» Балалар ойын мазмұнын естеріне түсіреді. Ер Төстік қойындағыларын алып, | **Көркем әдебиет**<br>Тұсау кесу<br>**Міндеті**: - Ауыз әдебиеті шығармаларына сүйіспеншілігін ояту. Ұлттық [illegible] түрге қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу .<br><br>Балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суреттерге аударады. – Бұл қандай салт-дәстүр? Тұсау кесу туралы не білесіңдер? – «Тұсау кесу» рәсімі бала аяғын қаз-қаз басқан кезде жасалады. Баланың келешегіне ақ жол тілеп, тез |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі. Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>–Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>–Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>–Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>–Оны кім пісіреді? Оған не қосады?<br>Педагог қуыршақ<br>Кәмпиттi отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br>–Наурыз қай мезгілде келеді? Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады. | Балалар мен сендерге жұмбақ жасырам, жауабын тауып көріңдер.<br>Педагог балаларға жұмбақ қояды.<br>Үш көзі бар бір батыр<br>Жол шетінде тұрады.<br>Жолдан жүру тәртібін,<br>Бәрі одан сұрады?<br>(бағдаршам).<br>**Балалар:** Бағдаршам.<br>**Педагог:** Дұрыс айтасыңдар, бағдаршам. Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Бағдаршам».<br>Ал балалар, сендер бағдаршам туралы не білесіңдер?<br>Педагог балалардың жауаптарын тыңдайды.<br>2. Педагог жолда жүру ережелерін туралы айтады. Жолдан жаяу жүргенде жаяу жүргіншілер жолымен жүру керектігі туралы түсіндіреді.<br>Балалар өлеңді қайталайды.<br>**Ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру, қимылды ойын арқылы<br>[illegible]<br>жылдамдыққа баулу.<br>**Шарты:** Балалар бір қатарға тұрады. Үш қатарда түстер белгіленген, қызыл, жасыл, сары.<br>Педагог қай түсті айтса, балалар сол айтылған қатарға секіріп тұруы қажет. | бір құрылымды салу, мысалы, үй. Бала пішіні мен өлшемін ескере отырып, үй салу үшін әртүрлі пішіндер мен денелерді пайдаланады. Бала құрылысты аяқтаған соң, ол өзінің құрылысын көрсетіп, оны жасау үшін қандай фигуралар мен денелерді қолданғанын түсіндіріп айтады. Балаға әртүрлі фигуралар мен денелерді қолдана отырып, өз дизайнын жасау ұсынылады. | ойындарды жазып отырады. – Ойын ойнағым келіп тұр, – Ер Төстік. - Ойын түрлері өте көп болғандықтан, қандай ойын ойнайтынымызды мына текшенің саны арқылы табайық. Ер Төстік текшені тастайды. 3-слайд. «Қарамырза» ойыны слайдтан шығады, ойын шарты түсіндіріледі (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 4-слайд. Әтештің шақырған дауысы естіледі. Ойын: «Жауынгер әтештер» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Жеңілгендер айыпқа ретінде тақпақ не жаңылтпаш айтады. Ер Төстік бірге ойнайды. Ер Төстік балаларға риза болып, қоштасып, шығып кетеді. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. 1. Суретте нешінші «Қарамырза» жоқ? Тиісті цифрды қорша. Ер Төстікке барлық «Қарамырзамен» қалай амандасу керектігін үйрет. «Ассаламағалейкум, бірінші Қарамырза!» деп баста.<br>. | жүріп кетсін деген ниетпен тұсауын кеседі. Ол үшін баланың аяғына ала жіп байлап, беделді адамға кескізеді. Педагог ақын Оразақын Асқардың «Тұсау кесу» өлеңін мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді. Сөздік жұмысы: тәй-тәй – баланың аяғын апыл-тапыл басуы жүйрік – жылдам жүгіру Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең не туралы? Өлеңнің қай сөзі есінде қалды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөздік жұмыс:**<br>Тобылғы қамшы сап жасайтын ағаш екенін түсіндіреді<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Бір сөзбен ата».<br>Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>–Өрік, шие, алмұрт – ...<br>–Түлкі, қоян, қасқыр – ...<br>–Шай, май, тұз – ...<br>–Бет, мұрын, аяқ – ...<br>–Қауын, қарбыз, сәбіз – ... | | | | |
| **Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Балбырауын» күйі**<br>**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйісіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,** | | | | | |
|  | | <br> | |  | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Қазақстанның өзен- | **Көркем әдебиет**<br>Көктем<br>**Міндеті:** - Көктем мезгілі | **Тіл дамыту**<br>«Күшік пен мысық» Ертегі<br>**Міндеті:** - -Негізгі ойды дұрыс | **Музыка**<br>Көктем әндері | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Сәукелені әшекейлейміз |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көлдеріндегі<br>жануарлар<br>**Міндеті:** -Табиғатты сүюге, қорғауға, судың адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды** Қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін жануарлармен және балықтың құрылысы, оның тіршілігі туралы<br>**Түсінеді** Балаларды туған жерінің құндылығымен таныстыруды жалғастыру; балықтар туралы білімдерін әрі қарай дамыйды<br>**Қолданады** Табиғатты сүюге, қорғауға, судың адам өміріндегі маңыздылығын түсіну<br><br>Бекіре – бағалы балықтардың бірі. Ол Каспий теңізінде, Еділ, Жайық өзендерінде ғана мекендейді. Балықтардың ішіндегі ең семізі және еті жұмсағы, сүйегі болмайды. Бекірені аулауға тыйым салынған. Егер қорғамасақ, 4–5 жылда жойылып кетеді. Бекіре теңіз түбіндегі балдырлармен, шөптермен қоректенеді. Алабұға Қазақстанның барлық өзен-көлдерінде кездеседі. Кәсіптік маңызы бар. Қорегі – су құрттары, балдырлар, ұсақ майшабақтар, басқа балықтар шабатын | туралы түсінігін кеңейту. Табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. Табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу<br><br>Бүршік шашып,<br>жапырақ ашып,<br>Даланы гүлдер басады.<br>Сұлу көктем есігін ашып,<br>Шуағын бізге шашады.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? – Көктемде қандай мерекелер тойланады? Педагог жұмбақ жасырады: Күн күледі, жер түлейді. (Көктем) – Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: мөлдір – тұнық, таза жаңбыр төгілді – жаңбыр жауды Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең авторы кім? Көктемде неге барлығы көңілді болады? – Көктемде қандай жаңбыр жауады? Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Көктем сөзіне сөйлем құра. | жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын; **Қолданады:** дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады.<br><br>Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік.<br>–Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді.<br>Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады. | **Міндеті:** -Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер:<br>«Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспаптарда ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә.<br>(өңдеген Б. Дәлденбай) | **Міндеті:** -Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу.<br>- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік<br>-Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру<br>- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру<br>**Топтық жұмыстар** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | уылдырықтар. Сазан – қабыршағы ірі, тұщы суы бар өзен, көлде өсетін балық. Еділ, Жайық, Жем өзендерінде, Шалқар, Зайсан, Балқаш көлдерінде кездеседі. Сазанның еті дәмді болады. Қазіргі уақытта өзен-көлдердің суы тартылуына байланысты азайып, дене тұрқы кішірейіп кетті. Табан балық ағысы жай барлық су алаптарында тараған. Қолдан өсіруге де болады. Балықтардың дене бітіміне көз салыңдар, балықтардың денесі неше бөліктен тұрады?<br>– Балықтардың денесі үш бөліктен тұрады: басы, денесі, құйрығы. Дене бөліктері немен жабылған?<br>– Олардың денесі қабыршақтармен жабылған. Қабыршақтар балықтардың денесін жарақаттанудан сақтайды.<br>– Суда қалай қозғалады, қозғалуға нелер себеп болады?<br>– Суда жүзбеқанаттардың көмегімен жүзеді.<br>– Балықтар қалай көбейеді?<br>– Олар уылдырық шашады, олардан ұсақ шабақтар өсіп шығады. Уылдырық деген – балықтардың ұрығы.<br>– Олар қалай тыныс алады?<br>– Олар желбезегі арқылы судағы еріген ауамен тыныс алады. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Шортан балықтың дене пішіні қандай?<br>– Ұзынша келген, қабыршықтары майда, көзге байқалмайды. –<br>– Балалар, балықтар да аңдар сияқты жыртқыш болады. Шортан – жыртқыш балық, оның тістері үшкір, ұсақ шабақтармен қоректенеді.<br>Ойын: «Қармаққа не түсті?»<br>Сергіту сәті: Ойын: «Қанша балық аулаdық?» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>– Балықтар да қорғауды қажет етеді, сондықтан оларды бей-берекет аулауға болмайды. | | | | |

Қауіпсіздік сабағы : «БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»

**Мақсаты: балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету.**

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| Тәрбиеші балаларға тек жақын адамдарға ғана (мысалы, ата-әжесі, анасы, әкесі, көрші) есікті ашуға болатынын түсіндіреді. Есікті ашпас бұрын, тіпті есіктің артында таныс адам болса да, әрқашан ата- анаңыздан рұқсат сұрау маңызды. Кімдерге есікті ашуға болмайды: Балаларға таныстарыңнан келдім десе де, бейтаныс адамдарға есік ашуға болмайтынын түсіндіру. Егер бейтаныс адам есікті қақса, бұл туралы үлкендерге хабарлау керек және ешбір жағдайда есікті ашпауды түсіндіру. «Кімге есік ашуға болады» ойыны Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Мысалы: «Әжем есік қағып жатыр», «Формадағы бейтаныс адам», «Анамның құрбысы» және т.б. «Қауіпсіз қоңырау» ойыны Тәрбиеші біреу есіктен қоңырау шалған жағдайды бейнелейді. Балалар не істеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға есік ашпау керек»). | **Пайдалы сілтемелер:** **https://youtu.be/5sLJO6RBTE0?si=WF002pUrFSXM3Psc https://orken-instituty.kz/ru/telefony-gorYachih-linij** | <br> | |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>Күшті, батыл және үлкен боламын<br>**Міндеті:** -Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр): .<br>Күшті, батыл және үлкен боламын<br>**Міндеті:** Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** -Бір орында тұрып биіктікке секіру<br>**Түсінеді:** Бір орында тұрып биіктікке секіруді түсінеді<br>**Қолданады:** секіреді<br><br>Биіктікке секіру.<br>Жүгіріп келіп, биіктікке (20 | **Музыка**<br>Домбыра сазы<br>**Міндеті** - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді.<br>**Қолданады:** әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде | **Дене тәрбиесі**<br>Менің көңілді добым<br>**Міндеті:** --Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру<br>**Түсінеді:** екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>**Қолданады:** жаттығу жасау<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар»<br>Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады.<br>Ойыншылар «аңшылар» мен | **Қазақ тілі**<br>Бағдаршам<br>**Міндеті** -Сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипатта<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Бағдаршам қызметі туралы өз ойларын айтады<br>**Түсінеді:** Жол ережелерін қайталап айтады<br>**Қолданады:** Өзінің жұмысын бағалайды.<br><br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырам, жауабын тауып көріңдер.<br>Педагог балаларға жұмбақ қояды.<br>Үш көзі бар бір батыр<br>Жол шетінде тұрады.<br>Жолдан жүру тәртібін.<br>Бәрі одан сұрады? (бағдаршам).<br>**Балалар:** Бағдаршам.<br>**Педагог:** Дұрыс айтасыңдар, бағдаршам. Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы<br>Ал балалар, сендер бағдаршам туралы не білесіңдер?<br>Педагог балалардың жауаптарын тыңдайды.<br>2. Педагог жолда жүру ережелерін туралы айтады. Жолдан жаяу жүргенде жа | **Дене тәрбиесі**<br>Менің көңілді добым<br>**Міндеті:** -Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жасайды: Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру<br>**Түсінеді:** екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>**Қолданады:** жаттығу жасау<br><br>Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орында тұрып негізгі қимылдарды орындау.<br>Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі. Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді | қолданады, аспаптарда ойнайды.<br><br>**Музыка тыңдау:** «Қараторғай» (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады | жолымен жүру керектігі туралы түсінді[...] Балалар өлеңді қайталайды.<br>**Ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қаб[...] жылдамдыққа баулу.<br>**Шарты:** Балалар бір қатарға тұрады. Ү[...]<br>Педагог қай түсті айтса, балалар сол ай[тылған қатарға секіріп тұруы керек.] | [...]жарсы жүруге болмайды.<br>Секірулер: сызықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай [...] арқылы [...] аяқтың басымен итеріліп.<br>[...] қызыл, [...] |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| Серуен | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау:** Тастарды бақылау<br>**Мақсаты:** тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыр[у]<br>**Бақылау барысы**<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.<br>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау: Тастарды бақылау**<br>Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.<br>Бақылау барысы<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу<br>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты:** өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау. [Та]биғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Бақылау барысы.<br>Көркем сөз. «Бұлт»<br>О. Ақынбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы?<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның.<br>Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші сұрақтары<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>Мақсаты:<br>- жел туралы түсініктерін бекіту;<br>- жел ту[ралы] есте сақтау.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады. Жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал суық ауа ауыр болады, ол | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Бақылау: Сутоғанды бақылау**<br>Мақсаты: мұздың қасиеттері тур[алы] білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары ерiген алаңқайлар пайда болды, егей шөптер өсіп шығады, ал екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сұрақтар:<br>•Тастардың кандай түрлерін білесіңдер?<br>•Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>•Жәй тастарды кай жерде, не үшін пайдаланады?<br>•Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>•Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Жеке жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>Максаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяктауға, біткен іске куануға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Бәйге».**<br>Максаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Максаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру<br>Еркін ойындар балалардың калауы бойынша | **өте көп**<br>Сұрақтар<br>•Тастардың кандай түрлерін білесіңдер?<br>•Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>•Жәй тастарды кай жерде, не үшін пайдаланады?<br>•Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады?<br>Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>•Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Жеке жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау<br>Максаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяктауға, біткен іске куануға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын.**<br>**«Бәйге».**<br>Максаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру<br>Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | ***немесе мұз түйіршіктерінен.)***<br>♦ бұлттардың кандай түрлерін білесіңдер? ***(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)***<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұксайды? (ак ұлпаға, мамыкка, жаксылап ангарып карасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар кай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Кандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел куады)<br>**Жеке жұмыс**<br>Аспандағы кандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатка жататын) ұксайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.*<br>Қимылды ойын «Қаскыр какпан».<br>Максаты: ойын ережесін түсініп, шартын сактап ойнауға, ептілікке, алғырлыкка баулу.<br>Жеке жұмыс<br>Математикалық жаттығулар<br>Максаты: так және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғак болады.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | төмен тартылады. Осыдан ауада козғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суык ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез козғалған сайын, желдің күші де соншалыкты катты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>**Жеке жұмыс**<br>•Барынша катты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұркасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді калай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>•Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас аркылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>**Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау<br>Максаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.<br>Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Максаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны. Бір-біріне доп лақтыру.<br>Максаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соктығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді.<br>**Жеке жұмыс**<br>сутоғандардағы мұздар ұзак уакыт тұрады. Себебі онда ағыс жок, су козғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.** Сутоғандағы мұздың калыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу.<br>Тоған бетіндегі мұздың еруін бакылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы коқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>Максаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Қаскыр какпан»**<br>Максаты:<br>—белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>—ойын шартын сактап ойнауға баулу;<br>Жаттығу ойыны<br>Ұзындыкка секіру.<br>Максаты: ұзындыкка секіруге жаттықтыру.<br>Еркін ойындар балалардың калауы бойынша |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Қайрат Айгерім Жамбылқызы**<br>**Мақсаты**:<br>Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру<br>Сөздерді буынға бөлу<br>Қысқа сөйлем құрау<br>Жеке жұмыс мазмұны:<br>Баламен әріптерді жеке қайталау (мысалы, А, М, П).<br>Сурет бойынша 2–3 сөзден сөйлем құрату.<br>Берілген сөзді буынға бөлу: *ал-ма, қо-яс, ме-кеп* | **Жазу дағдысы (дайындық жазуы) Раис Дастан Талғатұлы**<br>**Мақсаты**:<br>Қол моторикасын дамыту<br>Жазуға дайындық элементтерін дұрыс жүргізу<br>Жеке жұмыс мазмұны:<br>Жол бойымен сызық жүргізу: *тік, көлденең, ирек, шеңбер.*<br>Дәптерде үлгі бойынша бастыру.<br>Көркем жазуға дайындық — қарындашты дұрыс ұстау. | **Жыл мезгілі туралы әңгіме. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Берік Шахнұр Айдынұлы**<br>**Мақсат-міндеттері.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. | **Математика**<br>**Қайратұлы Ермұхаммед**<br>**Мақсаты:**<br>1–10 сандарын тану, ретімен орналастыру<br>Заттарды пішіні және өлшеміне қарай салыстыру<br>Жеке жұмыс мазмұны:<br>Сан қатарымен жұмыс: жоғалған санды табу.<br>Пішіндерді сәйкестендіру: *дөңгелек, шаршы, үшбұрыш.*<br>«Ұзын–қысқа», «үлкен–кіші» ұғымдарын салыстырту. | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Білтебай Асия Қайратқызы**<br>**Мақсаты:**<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру<br>Табиғи объектілерді сипаттау дағдысын қалыптастыру<br>Жеке жұмыс мазмұны:<br>«Қыс қандай?» тақырыбына әңгіме құрау.<br>Қар, мұз, аяз туралы суреттермен жұмыс.<br>Құстарды ажырату: *қарға, торғай, сауысқан.* |
| **Балалардың іс-әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек, қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары )** | **Қаржылық сауаттылық**<br>**«Ойдан шығарып,суретін сал»дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:**балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту; валюталарды ойлап табуға және олардың суретін салуға үйрету.<br>**Материалдар:**қарындаштар,фломастерлер,қағаз.<br>Барысы: балаларға валюталарды ойдан шығару және олардың суретін салу ұсынылады. Суретін салу процесінде балалар валютаның атауын [illegible] оны қайда қолданатынын айтады | **Артикуляциялық жаттығулар:**<br>**Балықтар**<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді.<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады.<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіңдер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br><br>**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**<br>**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады<br>Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, | **Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке ілеп. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.<br>  | **Қаржылық сауаттылық**<br>**«Мамандық»дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту.<br>**Материал:** әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар.<br>Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата- аналары туралы айтады. | **Ойын: « Көбелектер бақалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Алаңның шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.<br>**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың ойын дамытады, тілдерін дамытады, зейінін тұрақтандырады, кол белсендігін, икемділігін арттырады |  | |  |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Мейірімділік тарихы:** Күн сайын балаңызға мейірімділік туралы қысқа әңгіме айтып беріңіз. Оған әлемдегі мейірімді адамдардың тарихын мысал ретінде келтіріңіз. "Кеше мектепте немесе ойында мейірімділік жасаған кезің болды ма?" деп сұраңыз.<br>Кеңестер:<br>**Үй шаруасына жауапкершілік:** Балаңызға жауапкершілік туралы айту үшін үй шаруасындағы бір міндетті бірге орындаңыз. Оған осы міндеттің маңызын түсіндіріңіз.<br>**"Құндылықтар ағашы"**<br>Бұл ойында балаңызбен бірге қағаздан ағаш жасап, оның әрбір жапырағына жағымды қасиеттер мен құндылықтарды жазып шығыңыз. Мысалы: мейірімділік, жауапкершілік, адалдық. Осы жапырақтарды жапсырып, бірге талқылаңыз. Бұл баланың құндылықтар туралы ой- өрісін кеңейтеді | | | | |